


ЖАС ҚҰРЫЛЫСШЫ

4-БЕТ | ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢНІҢ ӨТКЕЛІ

6-БЕТ | «АСТАНА АҚШАМЫ» – 35



ТЕАТР МЕН ӘДЕБИЕТ ҚАЛАЙ ТОҒЫСАДЫ?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ТАЗАЛЫҚ ӘР ҮЙДЕН БАСТАЛУЫ КЕРЕК. СОНДА ҒАНА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БОЛАМЫЗ. КІШКЕНТАЙ КЕЗІНЕН ТАЗАЛЫҚҚА ҮЙРЕНГЕН БАЛА КЕЙІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ, САНАЛЫ АЗАМАТ БОЛЫП ӨСЕДІ. ЕЛГЕ ЖАНАШЫР БОЛАДЫ.

№87
(4831)
Сенбі
26 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



30 тамыз – Конституция күні мерекесіне орай жаңа оқу жылын бастау күні ауысып отыр. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлім етті.

«Жыл сайын оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 25 мамырда аяқталады. Бірақ биыл оқу процесі 2 қыркүйекте басталады. Білім күніне орай салтанатты жиынды өткізу күні мен уақыты мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен айқындалады» деді министр.

Конституция күніне байланысты қазақстандықтар: бес күндік жұмыс аптасында қатарынан үш күн демалады: 30, 31 тамыз және 1 қыркүйек; алты күндік жұмыс аптасында екі күн демалыс: 30 және 31 тамыз.



Бас қалада бұдан былай жеке тұрғын үй құрылысына тегін 10 сотық жер берілмейді. Бұл туралы Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы хабарлады.

Елорда тұрғындарын баспанамен қамту енді көпқабатты үй салу арқылы ғана қамтамасыз етіледі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкіметтің 2024 жылғы 25 қаңтардағы қаулысымен Астана қаласын 2035 жылға дейінгі перспективалық дамытудың Бас жоспары бекітілді.



ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАРШЫСЫ – ТАЗАЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық шарасы аясындағы тазалық жұмыстары елордадағы тұрақты іс-шараларға айналып отыр. Мектеп оқушылары, студенттер, кәсіпорын және мекеме қызметкерлері, депутаттар, әскерилер, қоғамдық ұйым өкілдері жүйелі түрде тазалық жұмыстарын жүргізіп келеді.

САНСӨЙЛЕМ

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ АСТАНАДА ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАМАҒАНДАР

8 млрд

ТЕҢГЕДЕН АСТАМ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ.

26-27 ШІЛДЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жаңа жәрмеңке Алаш тасжолы, 35 мекенжайындағы «Keryen joly» сауда орталығының аумағында, сонымен қатар сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Көктал» сауда-ойын-сауық орталығында жұмыс істейді.

ТЕГІН ЖАТТЫҒУҒА КЕЛІҢІЗ!

Елорданың 6 ауданындағы 30 алаңда тұрғындар үшін тегін спорт жаттығулары өтіп жатыр. Ашық аспан астындағы бұқаралық жаттығулар қыркүйек айының соңына дейін жалғасады.

Саябақтарда, қоғамдық кеңістіктерде және ашық алаңдарда өтетін жаттығулар «Aulafit» спорттық-әлеуметтік жобасы, «Өзіңнен баста» өзін-өзі қорғау бойынша жаттығу жобасы, йога жаттығу сабақтары, скандинавиялық жүріс сабақтары және «Funny sport» жобалары бойынша жүзеге асырылады. Тегін жаттығуларға ниет білдірген кез келген адам қатыса алады. Жаттығу өтетін орындар Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Aulafit» жобасының әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланған.



№87 (4831) 26/07/2025 Сенбі



ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІМЕН СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентін туған күнімен құттықтап, оның бауырлас өзбек халқының игілігі жолында атқарып жатқан жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевтің беделді көшбасшылығының арқасында Өзбекстан дамудың даңғыл жолына түсіп, әлеуметтік-экономикалық салада елеулі жетістікке жеткенін атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі ел арасында сенімге, тату көршілік байланыстарға әрі өзара қолдауға негізделген стратегиялық және одақтастық қатынастар қалыптасқанына назар аударылды. Сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық пен ғылым-білім саласындағы серіктестік нығайып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүкіл Орта Азияның орнықты дамуы көбіне екі мемлекеттің өзара ықпалдастығына тікелей байланысты. Осыған орай, тараптар өнеркәсіп, энергетика, көлік, логистика және ауыл шаруашылығы бағыттарындағы бірлескен жобаларды ілгерілету үшін нақты шаралар қабылдап жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік кооперацияның өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасып, екіжақты форматта және халықаралық іс-шаралар аясында жоспарланған жоғары деңгейдегі кездесулер кестесін қарастырды.

ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРАДЫ

29 шілде күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркияға ресми сапармен барады.

«Анкарада екі ел басшылары келіссөз жүргізіп, қазақ-түрік стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту мәселесін талқылайды. Сондай-ақ президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысын өткізеді» деп жазды Ақорданың ресми сайты.



ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті. Онда жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында тараптар стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа негізделген Қазақстан мен Ресей арасындағы сенім мен сындарлы диалогтың жоғары деңгейін атап өтті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда көлемі $27,8 млрд-қа жетті, 2025 жылғы қаңтар-мамырда $9,6 млрд-ты құрады.

«Мемлекеттер басшыларының тапсырмасы бойынша біз өзара сауда көлемін $30 млрд-қа дейін ұлғайту бойынша мақсатты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Инвестициялық ынтымақтастықта зор мүмкіндіктер бар. Жалпы екіжақты өзара іс-қимыл мәселелерінің кең ауқымын шешуде ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тиімді қызметін атап өткім келеді» деді Олжас Бектенов.

Екі мемлекет арасындағы әріптестікті тереңдету аясында осы жылдың күзінде Орал қаласында өтетін Қазақстан мен Ресейдің XXI өңіраралық ынтымақтастық форумының дайындық барысына ерекше назар аударылды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар барлық басым бағыт бойынша екі ел арасындағы өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін жеткізді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов ҚР Үкіметі жанындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді.

Оған Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, сондай-ақ облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, Бас прокуратура, ҰҚК және Қаржы мониторингі агенттігінің өкілдері қатысты.

Отырыста есірткі қылмысына, маскүнемдікке қарсы күрес жөніндегі шаралар және отбасы-тұрмыс қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігі жөнінде мәселелер қаралды.

Ішкі істер министрі Ержан Сәденов жарты жыл ішінде 6,4 тонна есірткі тәркіленгенін, 17 мыңнан астам есірткі сайты бұғатталғанын, 474 есірткі қылмыскері, оның ішінде 28 Telegram-канал әкімшілері ұсталғанын баяндады. Ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты 21 қылмыстық іс қозғалды, олардың 3-еуі – трансұлттық деңгейдегі топтар. Есірткіге қарсы 11 мыңнан астам іс-шара өтті. Есепті кезеңде қоғамдық орындарда ішімдік ішудің 107 мың фактісі және алкоголь айналымы саласындағы 7 мың заң бұзушылықтың жолы кесілді. 11 мың адамға спирт ішімдіктерін пайдалануға тыйым салынды.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова айтқан мәліметтерге сәйкес, бүгінде диспансерлік есепте есірткіге тәуелділігі бар 17 мыңнан астам адам тұр. Соңғы 5 жылда опиоидқа тәуелділер саны 1,5 есе азайған, керісінше, синтетикалық стимуляторларға және есірткіні аралас қолдануға тәуелді боп қалған пациенттер саны артқан. 2024 жылдың соңынан бастап тәуелділік синдромы жоқ, бірақ есірткіні өзіне зиянды түрде тұтынатын адамдарға консультациялық бақылау енгізілді. Онымен бүгінде 3 мыңға жуық адам қамтылды.

Премьер-министр құқық қорғау органдарының қанша күш салып жатқанына қарамастан, нашақорлық мәселесі әсіресе жастар арасында сақталып отырғанын атап өтті.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен тәртіп» қағидатын мемлекет пен қоғам қызметінің негізгі постулаттарының бірі ретінде айқындап берді. Сондықтан мемлекеттік органдар, соның ішінде құқық қорғау органдары Мемлекет басшысының осы нұсқауы сөзсіз орындалуын бірінші кезекте қамтамасыз етуі міндетті. Бүкіл қоғамды алаңдатып отырған қауіпті тенденция – жастар арасында нашақорлықтың таралуы. Өкінішке қарай, ол күннен-күнге белең алып барады. Жағдай оны таратудың жаңа әдістерімен шиеленісе түсуде, олар – интернет арқылы, пошта арқылы, «жасырып кету», иесі белгісіз электронды төлемдер. Мұның барлығы «наркодилер-өткізуші-тұтынушы» үштігінде физикалық байланыстың болмауына әкеліп отыр. Сол себепті қазір таратушыларды ұстау әлдеқайда қиын» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр есірткі сайттары мен соған ұқсас хабарландыруларды анықтау және бұғаттау тетіктерін жетілдіре түсу жөнінде шаралар қабылдауды, есірткі айналымына байланысты ақша аударымдарын бұғаттау мәселелерін пысықтауды тапсырды.

Республика бойынша маскүнемдікке қарсы күрес шеңберінде ішімдіктен бас тартқан елді мекендердің қозғалысы кеңейтіледі. Қазіргі уақытта олардың саны 400-ден асады.

ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев Үкімет үйіндегі баспасөз мәслихатында мұғалімдерге шабуыл жасап, қарсы әрекет еткендердің жазасы қатаңдатылатынын айтты.

Журналист Денсаулық сақтау министрінен медицина қызметкерлеріне шабуыл жасайтындардың жазасы қандай баптармен қатаңдатылатынын сұраған. Ермек Көшербаев осы сұраққа қосымша жауап бере отырып, мұғалімдердің құқығы туралы сөз қозғады.

– Тек медицина қызметкерлерін ғана емес, басқа салаларды да қорғау жүйесі болу керек деп есептейміз. Соңғы кезде мұғалімдер де шабуылға ұшырай бастады. Әрине, заңда мұғалімдердің құқығы заңмен қорғалатыны жазылған. Бірақ мұғалімдерге қарсы әрекет пен оның жауапкершілігі бір-біріне сай болу керек. Оны да қарастырып отырмыз. Біраз ұсыныс бар. Депутаттармен бірге ақылдасып, азаматтарға жеткіземіз деп ойлаймын, – деді Ермек Көшербаев.

Еске салсақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлеріне күш көрсеткені үшін жазаны күшейтуді тапсырған еді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Әзербайжанның батысынан ежелгі жауынгердің мүрдесі табылды.

Зерттеуші-ғалымдардың айтуынша, ол 4 мың жыл бұрын жерленген. Бір айта кетерлігі, батырдың бойы 2 метрден асады. Археологтар оны жоғары шенді жауынгер деп болжайды. Бұған себеп – оның қолында сирек кездесетін төрт қырлы найзасы. Мұндай жәдігер елде алғаш рет ұшырасып отыр. Ол жерден қоладан құйылған қару-жарақ, керамика және әшекей бұйымдар да табылған.



Ғалымдар қоқыстан сирек металдар өндіруді ойлап тапты.

Бұрын тек жер қойнауынан алынатын сирек металдарды енді қоқыстан өндіруге болады. Швейцария ғалымдары осындай жаңа әдіс ойлап тапты. Мамандар бұл пайдалы қазбаларға тәуелділікті азайтады. Қоқысқа тасталған смартфон, теледидар, компьютер сияқты ескі техникадан сирек металдар арнайы ұнтақ арқылы бөлініп алынады.



Алдағы 25 жылда адамға антибиотик әсер етпей қалуы мүмкін.

Бұл 39 млн адамның өліміне себеп болады деген болжам бар. Адамдар антибиотикті аурудан айығу үшін ішеді. Бірақ оның қаупі де көп. Антибиотиктің жыл сайын 139 млн дозасы тұтынылады. Тіпті кейінгі жылдары әсері күшті түрлері танымал «пенициллиннің» орнын алмастырған. Алайда оған бактериялар үйір болады. Содан дәрінің ағзадағы қауіпті денелерді жоюға күші жетпей қалады.

ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Астананың дамуына бағытталған жеке инвестицияларды тарту жалғасып жатыр. Бастама қаланың экономикалық өсімін қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрақты жұмыс орындарын ашуға да оң әсер етуде. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек айтты.



«Елорданың дамуына жеке инвестиция тарту жұмысы жалғасып жатыр. Бұл экономикалық тұрақты өсімді қамтамасыз етіп қана қоймай, орнықты жұмыс орындарының құрылуына да ықпал етеді. 2024 жылы қаланың экономикасына шамамен 2 триллион теңге инвестиция тартылды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда көп. Инвестштаб отырысында инвесторлардың бірқатар ұсынысы қаралды. Мәселен, көпфункционалды логистикалық бөлу кешенін және шаруашылық дүкендер желісінің кешенін салу, тау-кен металлургиясына арналған зертханалық кешен, жарықтандыру бағаналарын өндіретін өндірістік кешен мен геохимиялық зертхана салу жобалары ұсынылды. Ұсынылған жобалардың жалпы инвестициялық көлемі шамамен 100 млрд теңгені құрайды. Бұл шамамен 3 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Өңірлік инвестициялық штабтың отырыстарын тұрақты түрде өткізіп тұрамыз» деді Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ қала әкімі жауапты басқармаларға инвесторлармен тығыз байланыс орнатып, жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырғанын атап өтті.

САЯБАҚТЫ ТАЗАРТЫП, КІТАП АЛМАСТЫ

Кеше елорданың Студенттік саябағында Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің қолдауымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында экологиялық шара өтті.

Қаланың экологиялық жағдайын жақсарту және тазалықты сақтау, әрбір аулада тазалық пен тәртіпке саналы, адал көзқарас қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған акцияға «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жастары қатысты. Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов жастарға ақыл-кеңесін айтып, олармен бірге экологиялық акцияға атсалысты.

«Осы акция арқылы Астана қаласы Қоғамдық кеңесі мүшелерін «Жасыл ел» жобасымен, оның аясындағы жұмыстармен таныстырып отырмыз. Бұл еңбек жасақтарының жастары қаланы көгалдандыру, тазарту істеріне бірінші жыл қатысып отырған жоқ. Олар елордамызды көркейтуге қанша жыл көлемінде атсалысып келе жатыр. Биыл жоба шеңберінде мамыр-тамыз айларында 5200-ден астам жас азамат: мектеп оқушылары мен студенттер саябақтар мен скверлерде, мектептер аумағында, қаламыздың құрылыс нысандарында, қала маңындағы «жасыл белдеуде», әлеуметтік нысандарда жарты күн жұмыс істейді» деді қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.



Игі бастамаға 150-ден астам жас ерікті қатысып, табиғатты қорғауға өз үлесін қосты. Жастар күні бойы саябақ аумағында тазалық жұмыстарын жүргізіп, 200-ден астам ағашқа су құйып, қоршаған ортаны жасыл желекпен көмкеруге атсалысты. Шара барысында саябақ ішіндегі қоқыс пен арамшөп жиналып, жалпы салмағы 150 килограмнан асатын 18 қап қалдық шығарылды.

Экологиялық шара мұнымен шектелмеді. Жастар арасында өткен «Кітап алмасу» акциясы да ерекше қолдау тапты. 30-дан астам жас өздері оқып шыққан кітаптарын жаңа кітаптарға алмастырып, білімге деген қызығушылықты, рухани байлыққа деген құштарлықты танытты. Бұл бастама жастар арасында оқу мәдениетін дамытудың тағы бір жолы ретінде бағаланды.

Сондай-ақ 20-дан астам қатысушы үйлерінен арнайы алып келген пластикалық бөтелкелер мен ыдыстарды тапсырып, қайта өңдеуге жіберді. Бұл әрекет күнделікті тұрмыста да экологиялық жауапкершілік таныту қажеттігін көрсетті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ


Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрында «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Біз таза қала үшін» атты балаларға арналған аниматорлық ойын өтті. Жас көрермендер театр әртістерімен бірге өздері өмір сүретін ортаны танып, қаламыздың тазалығын сақтау үшін не істеу керек екенін үйреніп, экологиялық танымын арттырды.

Балаларға арналған шара интерактивті ойындар форматында өтті. Қойылымға келген балаларды театр фойесінде жинап, тек қалада ғана емес, үйде де тазалықты сақтау қажеттігін айтып, балаларды ынталандыра келе ойынға тартты. Олар ойындарға қатысып қана қоймай, әртістердің шеберлігіне ризалықпен, тақырыпқа сәйкес сұрақтарға жауап берді. Осылайша балалар үлкендердің көмегімен ұқыптылыққа, жинақылыққа үйреніп, айналаның тазалығы үшін өздерінің де қосатын үлесі барын түсінді.

Соңғы жылдары қоғам дамуы үшін экологиялық білім беру мәселесі ерекше өзекті. Сол себепті балаларды өмірінің алғашқы жылдарынан бастап экологиялық тәрбиелеу қажеттігі бар. Қуыршақ театрының ұжымы қойылым алдындағы аз-кем уақытта көрермендерімен көңілді ойын өткізуі де осы тәрбиенің бір түріне жатады. Аталған іс-шараға «Жанұя» отбасын қолдау орталығынан 40 бала, ал «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығынан 20 бала қатысты.

Жасанды интеллект жұмысқа қабылдайды.

Еңбек нарығында жасанды интеллектіні бірқатар ел тиімді қолдануға көшіп жатыр. Еуропалық компаниялардың жартысынан көбі қызметкерлерді жылдам әрі тиімді іріктеуде технологияның көмегіне жүгінеді. Әлемде жұмыс беруші компаниялардың 90%-ы үміткерлердің түйіндемесін жасанды интеллектке негізделген жүйелер арқылы талдайды.



Румынияда аптап ыстықтан төтенше жағдай жарияланды.

Бухарестте сынап бағанасы 40 градустан түспей тұр. Синоптиктердің болжамы да көңіл көншітпейді. Қалада санитарлық тексерістер көбейді. Осыған байланысты қоғамдық тамақтану орындары мен жазғы лагерлерде санитарлық тексерістер күшейді. Бұған қоса, су тарату және көмек көрсету бекеттері ашылды. Құтқару қызметі жоғары дайындық режимінде жұмыс істейді.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден «Астана бас жоспары» ЖШС бас директоры Руслан Жақыповпен кездесіп, елорданы газдандыру мәселелерін талқылады.

ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Кездесуде үш кезеңде жүзеге асырылатын маңызды жобаның I кезеңі аяқталғаны айтылды. Соның аясында Көктал, Агроқалашық, Оңтүстік-шығыс, Өндіріс және Железнодорожный тұрғын алаптарына газ жеткізілді. II кезең аясында Ильинка, Шұбар, Тельман, Пригородный, «Family Village», «Garden Village» тұрғын алаптары, қазандықтар және халықаралық әуежай газдандырылып жатыр. Ал үшінші кезеңде жалпы ұзындығы 72 шақырымды құрайтын жаңа газ құбырының және қуаты сағатына 350 мың м³ болатын 3-АГРС газ тарату станциясының құрылысы қарастырылған.



ЭКОБУККРОССИНГ СӨРЕСІ АШЫЛДЫ

Елордадағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ерекше іс-шараны қолға алып, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық шара аясында Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі экобуккроссинг сөресін іске қосты.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Аталған кітапхана директорының орынбасары Бекболат Арыстанбеков мұндағы басты мақсат кітап арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру екенін айтады. Оның айтуынша, іс-шара көпшілікке экологиялық білім беру, халық арасында оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапхана қызметкерлері мен оқырмандарын экологиялық қозғалысқа тартуды мақсат етеді.

«Экобуккроссинг сөресі кітапхана қызметкерлері мен оқырмандарды ортақ кеңістікте біріктіреді, онда әркім кітапты лақтырып немесе пайдаланбай сақтаудың орнына басқа оқырманға бере алады, яғни бір-бірімен кітап алмасады. Экобуккроссингке қойылған басты тақырыптар елімізде мекендейтін жануарлар түрлеріне, Қазақстанның табиғатына, қорықтарына, таулы аймақтарына арналады. Көрмеге өсімдіктер әлемі, балаларға арналған экологиялық әліппе сынды кітаптарды қойдық. Сондай-ақ келушілер көрмеден 20 облыстың сұлу табиғаты жайлы кітаптарды таба алады. Бұл кітаптарды алу үшін әр адам өзінің экологиялық бағыттағы бір кітабын әкеліп, орнына басқа кітапты алып кете алады» деді ол.

Ал Астана кітапханалары жүйесінің табиғатқа ұқыппен қарауға және қала тұрғындарының экологияға жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған бұл іс-шарасы жыл соңына дейін жалғасады.



№87 (4831) 26/07/2025 Сенбі

ЖАС ҚҰРЫЛЫСШЫ

Биыл Жұмысшы мамандықтары жылы деп жарияланғаны белгілі. Бұл қадам елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты факторларының бірі – білікті мамандарды дамытуға бағытталған. Осыған орай, еліміздің түкпір-түкпірінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтуге екпін қойылып отыр. Жастардың басым бөлігі осы өмірге қажетті кәсіптерді игеріп, тәжірибелі маман болуға мойын бұрды. Elordainfo.kz тілшісі солардың бірі, алғашқы еңбек жолын құрылыс саласынан бастаған жас маман, Астана тұрғыны Мейрамбек СҰЛТАНБЕКОВПЕН жұмыс барысында тілдескен еді.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ



Мейрамбек Әбдумүтәліпұлы 2006 жылы Астана қаласында дүниеге келген. Биыл Астана Политехникалық жоғарғы колледжін «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша тәмамдап, құрылыс мекемесіне жұмысқа орналасты.

«Осы мамандықты таңдауыма әкем себепкер болды. Ол мен еңбек ететін компанияда бригадир болып жұмыс істейді. Тағы бір қызығы, біздің ныс санның басшысы мен оқыған колледжде білім алған, кураторымыз бір. Сонымен қатар қызметінде жетістіктерге жетіп жүрген ағаларымды үлгі тұтамын. Мен де осындай өз ісінің білгір маманы, ортасына сыйлы болып жүрген жаныма жақын адамдардай болғым келеді» деген ішкі ойын бөлісті кейіпкеріміз.

Мейрамбек Сұлтанбеков қазір құрылыс-монтаж жұмыстары шебері болып жұмыс істейді. Маман әріптестеріне бағыт-бағдар беріп, жұмыстың сапалы жүруін қадағалайды.

«Жоба бойынша берілген сызбаларды жұмысшыларға өзім оқып, түсіндіремін. Сондай-ақ материалдардың шығынын есептеп, артық ысырап болмауын және қауіпсіздік шараларын бақылап жүремін. Бұл – менің алғашқы еңбек жолым. Басында қиындау болды, алайда білікті мамандардан тәжірибе жинап, тез үйреніп кеттім. Ұжым ұйымшыл болғандықтан, жұмыстың қиындығы білінбей кетеді. Мысалы, сантехник құбырларды қалай жүргізуді үйретсе, электрик ток желілерін қалай қосып, қайтіп ажырату керек екенін көрсетті» дейді ол.

Жас маман таңдаған мамандығы мен қазіргі жұмысы көңілінен әбден шығатынын айтты. Оның айтуынша, мұнда жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуіне қолайлы жағдай жасалған.

«Еңбекақымыз кешікпей түседі, зейнетақы жарнасы да тұрақты түрде қорға аударылады. Түскі ас пен кешкі ас тегін. Сыйақылар да төленіп тұрады. Ұжымымыз тату. Жұмыс істеймін деген адамға басқа не керек?!» дейді ол.

Кейіпкеріміз студент кезінде іс-тәжірибеден өткен қазіргі сүйікті жұмыс орнында ерте тұруды, жас болса да өзіне үлкен жауапкершілік алуды және ең бастысы айналадағы адамдармен тіл табысуға үйренгенін мақтанышпен айтты.

«Болашақта құрылыс инженері немесе прораб болғым келеді. Мақсатым – еңбек жолымда сапалы және қауіпсіз ғимараттар салуға үлес қосу» дейді жігерлі жас маман.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Елордадағы №4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде өткен салтанатты іс-шара аясында Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әрінов елордалық азаматтық қорғау органдары бөлімшелерінің қызметкерлеріне жаңа пәтерлер мен қызметтік автокөліктердің кілтін табыстады.



Жаңа қоныс иелерінің қатарында құтқарушылар, жүргізушілер және бөлімше командирлері бар. Сонымен қатар қызметтік техника паркі жаңартылып, бұл төтенше жағдайларға ден қою жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді.


Ведомство басшысы жеке құрам алдында сөйлеген сөзінде қызметкерлерді тұрғын үймен және заманауи техникамен қамтамасыз ету ТЖМ қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізілетін жүйелі жұмыстың бір бөлігі екенін атап өтті.

– Тұрғын үймен қамтамасыз етілу – ертеңгі күнге деген сенімділік, ол басты іске – адам өмірін құтқаруға толық көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Тұрғын үй мәселелерін шешу – қауіпсіздіктің алдыңғы шебінде тұрған адамдарға жасалған қамқорлық, біздің басты басымдығымыз, – деді Шыңғыс Әрінов.

Айта кетейік, 2024 жылдың өзінде Астана қаласының ТЖД қызметкерлеріне 50 пәтер берілді. Бағдарлама аясында тұрғын үймен қамту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

МӘМС-тегі ӨЗГЕРІСТЕР

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша Астана тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігі артады. Бұл туралы елордадағы №3 қалалық емхананың директоры Сәуле НҰРАШЕВА айтып берді.



– Сәуле Қуанышқалиқызы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты заңға енгізілген соңғы өзгерістер туралы айтып берсеңіз. Жаңашылдықтың маңызы қандай?

– Ең басты өзгеріс – медициналық көмекті алу үшін сақтандырылған мәртебенің үзіліссіз болуы міндетті емес. Енді МӘМС жүйесінде соңғы 12 айдың ішінде кемінде 6 ай жарна төлеген азаматтар да сақтандырылған болып есептеледі. Бұл дегеніміз – өмірлік жағдайына байланысты уақытша жарна төлей алмаған, бірақ жүйеге қайта қосылған адамдар медициналық көмектен шет қалмайды деген сөз. Бұған дейін азаматтар бірнеше ай жарна төлемесе, тіпті қажет болған жағдайда да, сақтандыру аясындағы көмекке қол жеткізе алмайтын. Енді осы кедергі жойылып отыр. Бұл – өте маңызды әрі әлеуметтік жағынан әділетті қадам.

– Яғни бұдан былай адамның сақтандырылғанын растау оңайырақ бола ма?

– Дәл солай. Азаматтар үшін статус алу барысы жеңілдейді. Мысалы, егер сіз биыл 12 ай ішінде 6 ай ғана жарна төлесеңіз, сақтандырылған болып есептелесіз. Бұрынғыдай толық 12 ай бойы үздіксіз төлеу міндетті емес. Бұл – бейресми табысы бар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін үлкен жеңілдік.

– Реформа медициналық ұйымдардың жұмысына қалай әсер етеді?

– Біріншіден, бұл тұрғындар тарапынан сұранысты арттырады. Яғни емханаларға келетін адамдар саны көбейеді, ал бұл – бізге өз қызметімізді одан әрі жетілдіруге мотивация. Екіншіден, біз азаматтардың статусын тексеру, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келдік. Енді бұл жағынан да жүктеме азаяды. Біз үшін ең бастысы – адамдар емханаға келгенде еш кедергісіз, толыққанды медициналық көмек алуы. Міне, осыған бір қадам жақындадық.

– Дәл қазіргі уақытта емханада сақтандыру аясында қандай қызметтер көрсетіледі?

– Сақтандырылған азаматтарға бірқатар жоғары технологиялы қызмет тегін ұсынылады: бейінді мамандардың консультациясы, қымбат диагностика тексерулері (мысалы, МРТ, КТ), күрделі лаборатория талдаулары, оңалту, физиотерапия және т. б. Яғни бұл көмектің бәрі – бұрын тек ақылы түрде көрсетілетін немесе кезекпен ұзақ күтілетін қызметтер.

– Ал бұл өзгерістерді тұрғындар қалай біле алады? Ақпараттандыру мәселесі қалай шешілуде?

– Бұл – өте маңызды мәселе. Біз күн сайын өзіміздің ресми парақшаларымызда, емханада орнатылған LED-экрандар және учаскелік дәрігерлер арқылы ақпарат береміз. Сонымен қатар әрбір тіркеу бөлімі мен медқызметкерлерге МӘМС туралы жиі қойылатын сұрақтарға арналған арнайы жадынамалар таратылды.


– Жалпы бұл өзгерістерден кейін жүйеге деген сенім артады деп ойлайсыз ба?

– Әрине, өйткені кез келген жүйе ең алдымен адамға ыңғайлы болуы керек. Мемлекет тарапынан жасалған бұл өзгеріс – жүйенің азаматтардың нақты өмірлік жағдайларымен санаса бастағанының көрінісі. Ал біз, медициналық ұйымдар, осы өзгерісті жергілікті деңгейде тиімді іске асыруға жауаптымыз. Ең бастысы – өз денсаулығыңызды назардан тыс қалдырмаңыз. Жарна төлегеніңіз – медициналық қорға жасаған инвестицияңыз. Ал біздің міндетіміз – сол сенімді ақтау. Егер сұрақтарыңыз болса, өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізге немесе тіркеу бөліміне жүгініңіз – біз көмектесуге әрқашан дайынбыз.



ХОСТЕЛДЕР ТЕКСЕРІСТЕН ӨТТІ

Астана қаласы Нұра ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері жатақханалар мен хостелдерде өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуын тексеру мақсатында профилактикалық рейд өткізді.



«Рейдті Нұра ауданының әкімдігімен бірлесіп өткізіп жатырмыз. Ауданымыздың аумағында барлығы 5 хостел бар, олардың әрқайсысына бардық. Хостел иелері мен тұрғындарына өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша түсіндіру жүргізілді, заң бұзушылықтарды жоюға қатысты ұсынымдар берілді, ақпараттық жадынамалар табысталды» деді Нұра ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының инспекторы, аға лейтенант Айдос Балтабай.

ТЖД мамандары хостелдер мен жатақханалардағы өрт қауіпсіздігінің негізгі қағидаларын тағы бір еске салды:

* өрт кезінде дабыл беру жүйесі әрдайым жұмыс істеп тұруы тиіс;
* эвакуациялық шығу жолдарын бөгемеу қажет;
* өрт сөндіру құралдарының жеткілікті мөлшері болуы тиіс;
* адамдарды жертөле бөлігінде тұрғызуға болмайды;
* бөлмелер мен қабаттарда шылым шегуге тыйым салынады;
* электр құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздік шараларын сақтау қажет;
* тез тұтанғыш және жарылыс қаупі бар материалдарды пайдалануға және оларды бөлмелер мен ортақ пайдалану орындарында сақтауға болмайды;
* персонал мен тұрғындар өрт кезіндегі әрекет ету ережелеріне үйретілуі керек, ал тұрғындар эвакуация жоспары бойынша ақпарат алуы тиіс.

ЕЛОРДА СПОРТЫ: ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖЕМІСІ

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы осы жылдың бірінші жартысында қандай жұмыстарды атқарды? Елордалық спортшылардың жетістіктері қандай? Бұл жөнінде қалалық Коммуникациялар қызметі алаңында аталмыш басқарма басшысының міндетін атқарушы Азамат Ағзамов баяндап, қала тұрғындарына арналған арнайы бағдарламалар, спорттық жобалар мен алдағы жоспарларды таныстырды.









Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бас қалада халықты бұқаралық спортпен қамту және салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келе жатыр. Қазір елордада 992 дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ұйымы жұмыс істейді. 601 200 адам спортпен жүйелі түрде айналысады. Бұл – қала тұрғындарының 40%-ын құрайды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 42%-ға жеткізу жоспарланып отыр.

Жыл басынан бері қалалық күнтізбелік жоспарға сәйкес 1050 бұқаралық спорттық іс-шара өткізу жоспарланған. Оның 511-і бүгінде жүзеге асты. Соның 66-сы – халықаралық, 88-і – республикалық, 357-сі – қалалық деңгейдегі жарыстар болды. Аталған іс-шараларға барлығы 450 мың адам қатысты. Соның ішінде 87 179 спортшы, 362 821 көрермен қамтылды.

Астанада өткен халықаралық және республикалық деңгейдегі маңызды жарыстар қатарында эстетикалық гимнастикадан «Astana Alan Cup» халықаралық турнирі, конкур бойынша Еуразиялық лига аясындағы әлем кубогының кезеңі, Қазақстан мен Дания, Албания, Армения ұлттық құрамалары арасындағы футзал және футбол матчтары, дзюдодан «Qazaqstan Barysy Grand Slam» халықаралық турнирі, IBSA 2025 пара дзюдо әлем чемпионаты, киберспорт: «Counter-Strike 2 – PGL Astana 2025» халықаралық турнирі, Astana Half Marathon, баскетболдан Virtus world basketball championship, «Толағай» алыптар сайысы, каратэ шинкиокушинкайдан «Astana Cup», джиу-джитсудан «AJP Kazakhstan» халықаралық турнирлері, футболдан әлем чемпионатының іріктеу кезеңі: Қазақстан – Солтүстік Македония, IV халықаралық «Гран-при Астана» садақ ату турнирі, World Boxing ұйымының кезекті әлем кубогы, ауыр атлетикадан Азия чемпионаты бар.

Биыл төрт негізгі бағыт бойынша ауқымды жобалар іске асырылып жатыр. Оның алғашқысы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жыл бойы 60-тан астам іс-шара өткізу жоспарланған. Шілде айына дейін 26 іс-шара өтті. Жыл соңына дейін тағы 34 іс-шара өткізіледі. «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы шеңберінде жыл бойына 94 іс-шара өткізу жоспарланған.

Бүгінгі күнге дейін 30-ға жуық іс-шара өткізілді. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында 13 іс-шара жоспарланса, оның 8-і өткізілді. 26-27 шілдеде жол-көлік инфрақұрылымы қызметкерлері арасында қалалық волейбол чемпионаты өтеді. «Заң және тәртіп» бағыты бойынша жастардың азаматтық жауапкершілігін дамыту, құқықтық сауаттылықты арттыру іс-шаралары ұйымдастырылуда. Лудомания, допинг, буллинг, интернет-алаяқтық және жасөспірімдерге қарсы қылмыс тақырыптарында тұрақты түрде семинарлар өткізіліп жатыр. Полиция департаменті, Дін істер департаменті және Жемқорлыққа қарсы қызметпен бірлескен жұмыстар жүргізілуде.

Алда өтетін ірі халықаралық жарыстар қатарында Phygital Games 2025 – іріктеу жарыстары (Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайы), ITTF World Para Challenger Astana 2025 (30 шілде-3 тамыз), World Boccia Challenger (20-28 тамыз), әскерилер арасында қазақ күресінен әлем чемпионаты, футболдан әлем чемпионатының еуропалық іріктеу кезеңі, панкратионнан әлем чемпионаты, садақ атудан халықаралық гран-при, Kazakhstan International Series 2025 атты бадминтоннан халықаралық турнир бар.

«Спорттық іс-шаралар ежелден мемлекеттің беделін арттыратын маңызды құралдың бірі саналады. Қала аумағында өткізіліп жатқан олар тек халық денсаулығын нығайтумен шектелмей, елорданың халықаралық деңгейдегі оң имиджін қалыптастыруға да зор үлес қосуда. Астанада бұқаралық спортты дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғасын табуда. Біз әлемдік деңгейдегі жарыстар мен ірі додалардың еліміздің бас қаласында өтуі арқылы Астананың мәртебесі одан әрі биіктей түсетініне сенімдіміз» дейді А.Ағзамов.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балалар мен жасөспірімдер бұқаралық спортын дамытуды басым бағыт ретінде ескере отырып, дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын арттыру мақсатында елордада бірқатар арнайы бағдарламалар мен жобалар әзірленіп, сәтті іске асырылуда. Бүгінде қала тұрғындарына бірқатар тегін жобалар қолжетімді. Олар: «Aulafit» спорттық-әлеуметтік жобасы, «Өзіңнен баста» өзін-өзі қорғау бойынша жаттығу жобасы, йога бойынша тегін оқу-жаттығу сабақтары, скандинавиялық жүріс бойынша тегін оқу-жаттығу сабақтары және «Funny Sport» жазғы спорттық жобасы.

Оларға жеке-жеке тоқталсақ, «Aulafit» жобасы – қала тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру мақсатында жыл сайын ұйымдастырылатын ірі бастамалардың бірі. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып келе жатқан бұл жоба биыл бесінші жыл қатарынан өткізілуде. Биылғы жазғы маусымда жаттығулар қаланың 6 ауданы бойынша 30 аула алаңында өткізіліп жатыр. Сабақтар маусым айынан қыркүйек айының соңына дейін барлық қатысушы үшін тегін негізде дүйсенбі мен сенбі аралығында өтеді. Қатысу үшін жас мөлшеріне ешқандай шектеу қойылмайды. Жаттығу өтетін аулалардың кестесі қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының және «Aulafit» жобасының әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланған. Өткен жылы бұл жоба аясында 15 кәсіби жаттықтырушы елорданың 30 ауласында 3 000-нан астам адамды спортпен қамтыды. Жоба алғаш рет 2020 жылы іске қосылып, салауатты өмір салтын насихаттау мен белсенді демалысты дамытуға зор үлес қосуда.

Күні кеше ғана «Астана – есірткісіз қала» атты акция аясында елордалық «Триатлон» саябағында бейімделген дене шынықтыруға арналған сауықтыру жаттығулары ресми түрде басталды. Үшінші жыл қатарынан өткізіліп жатқан Василий Тахтайдың тегін сабақтарының биылғы ерекшелігі – оған «Көктал» саябағының да қосылуы. Жобаға 6 жастан асқан барлық қала тұрғыны қатыса алады. Жас ерекшелігіне шектеу жоқ. Тіпті мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да белсенділік танытып жатқанын атап өтуге болады. Сабақтар 1 қыркүйекке дейін әр сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері кешкі сағат 19:00 және 20:00-де өткізіледі.

Тамыз айының басынан бастап қала тұрғындары мен қонақтары үшін йога мен скандинавиялық жүріс бойынша тегін оқу-жаттығу сабақтары басталады. Сабақтар қыркүйек айына дейін аптасына үш рет, елорданың алты саябағында кешкі уақытта өтеді. Айтулы тегін оқу-жаттығу сабақтарының нақты кестесі мен толық ақпараты басқарманың ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде жақын күндері жарияланады.

«Funny Sport» жазғы спорттық жобасы барлық жастағы тұрғынға арналған. Саябақтар мен ашық қалалық алаңдарда тегін спорттық іс-шаралар, шеберлік сыныптары мен интерактивті бағдарламалар өткізіледі. Балалардан бастап, қарт адамдарға дейін қатыса алады. Іс-шаралар елорданың танымал саябақтарында, атап айтқанда, «Орталық», «Триатлон», «Жетісу» және басқа да қоғамдық демалыс аймақтарында тұрақты түрде ұйымдастырылады. Жобаның нақты кестесі мен толық ақпараты басқарманың әлеуметтік желілерінде алдын ала жарияланатын болады.

«Аталған жобалар – Астана қаласының тұрғындары арасында бұқаралық спортты кеңінен насихаттап, денсаулықты нығайтуға және қоғамда белсенді өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты көрінісі. Бүгінде елорда тұрғындары мен спортшылары үшін спортты дамытуға барлық жағдай жасалып жатыр. Әсіресе, соңғы он жылда мемлекет тарапынан қолдауға ие болған дене шынықтыру мен спорт салаларын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл бағыттағы нәтижелердің айқын дәлелі – қаламыздың әр аумағында бой көтеріп жатқан жаңа спорт нысандары мен халықтың күнделікті өмірінде саламатты өмір салтына деген ұмтылысының артуы. Соның нәтижесінде дене шынықтыру-мен айналысатын тұрғындардың саны айтарлықтай өсті. Қаланың спорттық инфрақұрылымы жаңартылып, жаңа спорт кешендері мен алаңдар салынуда. Олар қаланың спорттық өмірінің орталығына айналып қана қоймай, қаланың келбетіне де көрік беруде» дейді А.Ағзамов.

Оның мәліметінше, қазіргі таңда Астанада халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі 1000 адамға шаққанда 37,1%-ды құрайды. Қалада 819-дан астам спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 35 ірі спорт нысаны бар. Соның 17-сі нақты бір спорт түріне мамандандырылған.

Биыл жеке инвестициялар есебінен үш жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Бұл – сыйымдылығы 100 адамды қамтитын жабық футбол манежі, 800 адамға арналған «Alpha Gym» спорт кешені, Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені.

«Соңғы аталған кешен республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге лайықталып жабдықталған. Мұнда бокс, күрес, таэквондо, ауыр атлетика спорт залдары және жаттығуға арналған арнайы бөлмелер орналасқан» дейді А.Ағзамов.

Астана қаласының аумағында спорт инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасымен бірлесіп 40 жер телімі белгіленді. Оның ішінде 3 учаскеде бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін (ФОК) салу жоспарлануда. Қазіргі уақытта бұл жобалар бойынша жобалау жұмыстары басталу алдында тұр.

Бүгінде қалада 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Биыл «Железнодорожный» және «Үркер» тұрғын алаптарында тағы екі дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға беріледі. Сонымен қатар «Жеңіс» спорт кешенінің жанынан көркем гимнастика талаптарына толықтай сай келетін жаңа жаттығу залының құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Орталық стадион мен «Қазақстан» спорт сарайын реконструкциялау және модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. Бұл нысандарды қайта жаңғыртып, пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланып отыр.

Бұған қоса, Есіл ауданында, Шерхан Мұртаза көшесінде, «Қазақстан темір жолы» АҚ қолдауымен жабық мұз айдынының құрылысы жүріп жатыр. Орталық саябақ аумағында шаңғы базасының құрылысы басталды. Бұл нысанды пайдалануға беру 2025 жылдың қыркүйек-қазан айларына жоспарланған. Қабанбай батыр даңғылы мен Хусейн бен Талал көшесінің қиылысында орналасатын, сыйымдылығы 300 адамға арналған «Инклюзивті спорт орталығы» жобасы конкурстық комиссия тарапынан қолдау тауып, құрылыс жұмыстары басталды. Бұл нысан да жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Бұған қоса, 15 мың орынға арналған «Көпфункционалды спорт кешенінің» құрылыс жобасы қарастырылуда.

Спорт инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында әкімдік Астана қаласының дене шынықтыру және бұқаралық спорт саласын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірледі. Жоспар аясында бассейндері бар көпфункционалды спорт кешендерін, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнайы бейімделген нысандар салу, есу спортына арналған база құру, Қарқаралы тас жолынан Қорғалжын тас жолына дейінгі велосипед жолын жаңғырту, футбол мен ойын спорт түрлеріне, шайбалы хоккейге арналған модульдерді орнату көзделген. Мектеп және студенттік спортты дамыту бағытында бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда.

№87 (4831) 26/07/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢНІҢ НЫСАНАЛЫ ӨТКЕЛІ

1993 жыл ел экономикасын тұрақтандыру мақсатындағы түбегейлі бетбұрыс жылы еді. Дегенмен кешегі кеңестер кеңістігіндегі дағдарыс, жекешелендіру, былтырдан басталған бағаны ырықтандыру шегіне жетіп, баға мемлекеттік реттеуге бағынбайтын болды.





Целиноград қаласындағы орталық саябақтағы балалар пойызы, 1961 жыл

ЕСІЛ ТАСЫП БАРАДЫ ЖАРДАН АСЫП
1993 жыл, 12 сәуір

Сол жылдың көктемінде 1970 жылдан бері қайталанбаған, болғанның өзінде де дәл осылай тасымаған Есіл өзенінің жағдайы баяндалады. Күн қатты ысып, қар тез еріп, кенеттен су көтеріледі. Беті қатты су тасқыны Қорғалжын трассасын бұзып, Комсомольск, Шұбар т. б. аймақтардағы елді мекендерді басып кетті.

Табиғат құбылысына бүкіл қала болып қарсы жұмылады. 15 сәуірдің 9-12-ге дейін Вячеслав су қоймасына 8 миллион текше метр, келесі күні 7 миллион текше метр су құйылады. Мал-жанға қиын болған. Қала басшылығы шұғыл түрде кірісіп, он күннің ішінде жиналған суды кері қайтару үшін Қорғалжын трассасы тұсынан өтетін канал қазады. Сол арқылы суды Есілге қайта ағызады. «Не де болса да, бұл бізге бірақ сынақ болды» деп автор тұжырымдайды. Кім біледі, «Есіл тасып барады жардан асып» деген ән бекер айтылмаған болар.

АҚША ТИЫНДАДЫ, ЖАҒДАЙ ҚИЫНДАДЫ
1993 жыл, 7 тамыз

Табиғат апатымен қатар келген қымбатшылықпен қоса, адам қадірінің кетуін сөз қылған Қ.Зәкәриянов мақаласын былай бастайды: «Атамыз қазақта «айтпаған сөздің атасы өледі» деген сөзі бар. Бүгінгіде өндірісті ілгері бастырып, маңдай терін төгіп, бел жазбай еңбек етіп жүргендерді құрметтеу, оларға істеген ісіне қарай табыс беру, материалдық игілік жасау, моральдық көтермелеу шаралары құрдымға кетіп тынды. Сондықтан да адам қоғам үшін еңбек етушілерден гөрі маңдай терлетпей пайда қуған «іскерлер» көп. Аяқ артар көліктігі, сауып ішір сүті жоқ сабан ақшаның бәсі нарық өмірге дендеп енген сайын қадірі түсіп барады. Экономикалық дағдарыс күннен күнге асқынып, созылмалы дертке айналды. Оның бар ауыртпашылығы айналып келгенде қарапайым халықтың мойнына артылды». Қ.Зәкәриянов күні бертінге дейін газетімізге жазып тұрды, қала өміріне белсенді араласатын.

АҚМОЛА – БЕРЛИН
1993 жыл, 24 шілде

1993 жылы Ақмола мен Берлин арасында поезд қатынасы ашылған екен. Газет бетіндегі қысқаша ақпаратта «елімізде тұратын миллионға жуық немістердің тарихи отанымен мәдени, экономикалық қарым-қатынас жасауы жақсаратыны анық» деп болжал жасапты. Дегенмен бұл поезд немістердің Еуропаға қарай бет бұрған көшін бастаған сияқты. Өйткені бұрынғы тоталитарлық кеңістікте алмағайып заман орнап, тоқыраудан кейінгі қайта құрулардың аяғы экономикалық, әлеуметтік дағдарыстарға жеткізіп, бір сөзбен айтқанда «тұрымтай тұсымен» болған шақ еді.

Неміс ағайындар, кеңестер құрсауы босаң тартқан сәтінен бастап, қапаста өткен күндерді мәңгі ұмытқысы келгендей, халық үйінің кілтін маңдайшасына іліп, лек-легімен асығыс көшіп жатты. Тар жерде табысқан, кең жерде келіседі дегендей, немістер қазақ халқының қамқор көңілін ұмытқан жоқ. Балаларының болашағы үшін баз кешіп, тілінен, салт-дәстүрінен қол үзіп қалған кеңестік немістердің араға бірнеше ғасыр салып, ескі жұртына барғанда алдарында не күтіп тұрғанын бірі білсе, бірі білген жоқ. Жаңа жердің өзіндік қиындықтары болды. Дегенмен, уақытша болса да, жолға қойылған поезд неміс ағайындардың бейнетін біршама жеңілдетті деп ойлаймыз.

Сол жылдардың тағы бір тарихын газет фототілшілері таңбалапты. Бұл суреттің сыры бар. Балалар темір жолын салу жоспарлары соғыстан бұрын да жобаланғанымен, Есіл өзенінің сол жағалауындағы Теміржолшылар саябағында Ақмола балалар темір жолының құрылысы басталып, 1950 жылдары бұрынғы Тың игерушілер сарайының маңында салынды. Ашылған күннен бастап жолға паровоз және төрт жолаушылар вагонынан тұратын пойыз қызмет көрсетті. 1958 жылы жол реконструкцияланды, оның барысында рельстер жаңа, ауырларына ауыстырылды, ал жол өлшегіші 750 миллиметрге дейін ұлғайтылды. Жолы сәтсіз басталған темір жол 1962 жылы 7 тамызда найзағайдан «Победа» стансасындағы вокзал ғимараты толығымен жанып кетті, ал 90-жылдардың екінші жартысында «Абай» стансасындағы вокзал ғимараты өртеніп кетті. 2002 жылдың басында Балалар темір жолы қала балансына өтіп, сол жылы толығымен жойылды.

АҚША ЖОҚ
1994 жыл, 25 қаңтар

Қазіргі орта жастан асқандар болмаса, жастар жағы «ақша жоқтың» шын мәнін түсінбейтін шығар. Бұл қаржыдан қысылып қиналған жағдайдың бірі емес. Айлыққа қарап отырған адамның ақшасының келесі жалақыға жетпей қалғаны да емес. Елдегі қаржы жүйесі қирап, банктің түгесіліп, түбі көрініп ақшаның мүлдем бітіп қалуы. Сол жылдары қаражат жетпей, жұмыс орындары тоқтап, жаппай қысқартулар орын алды, халық теңселіп қарабазар аралап кетті. Иә, айлап жалақысын ала алмай қиналған халық, зейнетақысына қолы жетпеген зейнеткерлердің сеңдей соғылысқан күндері арта қалды. Ал дәл сол күндердің бір хабарын «Ақмола ақиқаты» былайша жеткізеді.

«Қаламыздың құрылысшылары ұжымдарының арасында уақытында ақының төленбеуінен ауыр моралдық психологиялық жағдай қалыптасты. Мысалы «Целиноградтяжстрой» тресінің жұмысы тоқтап қалды десек болады. Шығыс шағын ауданындағы салынған мектептің ақшасын тапсырыс бергендер өтей алмай отыр. Кейбір обьектілердің құрылысы тоқтап қалды. Соның ішінде жалғызбастылар, мүгедектер және қарт адамдар үйі бар. Ал бұл болса қаламыздың ардагерлерінің ренішін туғызуда. Трест жұмысшылары 1993 жылдың қазан айынан бастап жалақы алған жоқ. Тапсырыс берушілердің төлеу қабілеттігінің болмауынан салынып біткен үйлерде адамдардың қоныстануы да мүмкін болмай отыр.

Осындай жағдай «Целинтрансстрой» ұжымында да қалыптасты. Барлығында да қаржы жетіспейді. Қаламыздың көптеген кәсіпорындары мен ұйымдарына қазір осындай жағдай тән».

«ТЫҢНЫҢ ТӘЛІМІ МЕН ТӘЛКЕГІ» – ЖАҢА КӨЗҚАРАС
1994 жыл, 25 ақпан

«…СОКП ОК Пленумында тың жерлерді игерген соң әр гектарынан 14-15 центрден өнім алынды» деп есептелінген. Ал шынында, 1954-1958 жылдары бидай өнімі гектарына 7,3 центрден, 1961-1965 жылдары небәрі 6,1 центнер көлемінде болып қалды. Тың игеруге кеткен қаражатты орталық Ресейдегі гектарынан 20-25 центнер беретін егін алқаптарына жұмсаса, онда мемлекетіміз баяғыда-ақ өзін-өзі нанмен қамтамасыз етер еді. Тың игеру жылдары Қазақстанға бір жарым миллион адам келді. Тың игерушілерге көмек беріліп, барлық жағдаймен қамтамасыз етті. Нәтижесінде Ресейдің орталық аудандарында 7 мың деревня жұмыс қолынсыз қалды. 300 мың үй иелері туған жерін тастап кетті, үйлерін қараусыз қалдырды.


Алғашқы жылдары бір гектар егін-жайдың еңбек шығыны 80 сом болса, бірте-бірте 130 сомға жетті, яғни бұл егістік жерлер өз шығындарын әрең өтеп отырған.

…Қазақстан тыңына соңғы 38 жылда 1 триллион 300 миллиард сом жұмсалып, 700 миллион тонна астық өндірілді. Бұл астықтың әр тоннасы 100-150 сомға тең. Осыны есепке шағып көрер болсақ, онда ұтқанымыздан ұтылғанымыздың көп екендігіне көз жеткізуге болады.

Жоғарыдағылар басқаша есептеді. Тың және тыңайған жерлерді игеріп, елімізде аса ірі жаңа астық базасын құрғаны үшін, астық өндіруді мықтап арттырғаны үшін Қазақ Советтік Социалдық Республикасы Ленин орденімен наградталды, 139 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Ал бұл жеңіс қазаққа не берді дегенде, Табыл Құлиястың ойы көңілге қонады.

«Міне, алпысыншы, жетпісінші жылдарда жоғарғы оқу орындарында жаппай орыс тілділік берік орнады. Содан ауылдағы қазақтар балаларын орыс кластарына өткізді. Оның үстінен тыңгерлердің салған мектептері тек қана орысша еді де, қазақ мектептері ескі-құсқы, тәлім-тәрбие беруге жұпыны, оқу құралдары жетіспей жатты. Орыс тілін оқып шыққаннан біреулер ұтты, екі тілділікті, үш тілділікті меңгерді. Біреулері адамшылығынан, ата-тегінен айырылып, жын-жыпыр болып кетті».



АҚМОЛА АСТАНА БОЛДЫ
1994 жыл, 8 шілде

Еліміздің төрткүлінен көш шығып, Есілдің сол жағалауын толтырар жаңа астананың алғашқы хабарын, газет оқырмандарымен былайша бөлісіпті.

«Бұдан былай қасиетті Ақмола топырағы Алтай мен Атыраудың Сарыарқа мен Алатаудың арасын жалғап жатқан кең байтақ, көпұлтты Қазақстанның саяси-экономикалық, мәдени-тұрмыстық гүлденуі үшін әлемдік тарих алдында жауапты боламыз» деп тағдырлы жауапкершілікті міндетіне алады.

Тарих бетінде алтын әріптермен мәңгіге жазылатын осынау айтулы күн қуанышын сіздермен бірге бөлісе отырып, халқымыздың шексіз сезім мен үмітіне ие болып отырған Ақмола болашақта халықтың сүйікті арман қаласы боларына сеніміміз мол!» деп «Ақмола ақиқаты» сүйіншілейді!

ЖОЛДАС ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛ
1994 жыл, 31 желтоқсан

Газет оқырманы елімізде болып жатқан өзгерістерге, сан алуан оқиғаларға толы жылды ой елегінен өткізіп, жылжып жеткен келер жылдан ерекше жылылық күткен сыңайлы. Қайта құрулардың заңды жалғасы болған, нарықты экономиканың құбылмалы күйін қабылдаса да, айқын бағдарымыз бар ма білмейміз, әйтеуір жүріп келеміз дейді. Бір қызығы, сол заманның адамының құлағына түрпідей тиетін, бұрын-соңды айтылмаған соң тосын естілетін «мырза», «ханым» деп кісіге қарап айтудың сөйлеу мәнерімізге кіріп келе жатқанын аңғарыпты. «Қадірменді ағайындар-ау, біз бір-бірімізді «жолдас» демейтін бе едік?! «Жолдас» сөзі коммунистік партияның бізге беріп кеткен мұрасы емес, халық сөзі емес пе?! Тіпті болмаса «жамағат», «құрметті бауырлар», «қадірменді қауым», «ағайын» деп қарапайым түрде айта бермейміз бе?! Экономикасы тұралап, қымбашылық белең алған елде қандай «мырзалық» болушы еді. Көрпемізге қарай көсілейік. Жұрттың бәрі мырза бола алмайтынын ұмытпайықшы» дейді. Бүгінгі күннің бедерінде жолдас сөзі ұмыт болғаны анық. Бұл жолдар «жолдастың» жақтастарын соңғы рет газет бетінде жариялап, сөз мәнеріне «ханым» мен «мырзаларды» енгізген сияқты.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК:

1838 жылғы Ақмолада Кенесарының шабуылынан кейін **1839 жылы** Ақмола бекінісі салынады.

1841 жылы Ақмола орыс-казак станицасы құрылады.

1918 жылы Ақмола облысы Омбы облысы болып аталды. Оның құрамына Омбы, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездері кірді.

1919 жылы Ақмола ақтардан тазартылады.

1921 жылы Орталығы Петропавл саналған Ақмола губерниясы құрылды.

1939 жылы Ақмола облысы құрылды, орталығы – Ақмола.

1960 жылы Тың өлкесі құрылды, орталығы – Ақмола.

1961 жылы Целиноград болып өзгертілді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 11.07.2025 №510-2255

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Логистикалық парк» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы учаске 1 – 86,9067, учаске 2 – 136,1933 га, жер учаскелері 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы « 11» 07 №510-2255 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
	21-318-145-1849	«S Properties» ЖШС	2164	2164	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10А учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-1840	«S Properties» ЖШС	407	407	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 409 көшесі, 8 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2311	«Атамекен Агро» АҚ	13804	13804	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 4 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2317	«Атамекен Агро» АҚ	16138	16138	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 12 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2313	«Атамекен Агро» АҚ	14000	14000	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 8 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-1847	Мухамеджарова Айнаш Капановна, Мухамеджаров Мейрамбек Амантайулы	2590	2590	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 3 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2314	«Атамекен Агро» АҚ	14000	14000	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 10 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2309	«Атамекен Агро» АҚ	16275	16275	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 4 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-298	Асенова Кымбат Негметкызы, Асенов Кайрат Каирович	451580	348044	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 334 көшесі, 30/2 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-1846	Жумабеков Нариман Габиденович, Жумабекова Малика Наурызовна	1735	1735	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 3/1 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2325	«Атамекен Агро» АҚ	6698	6698	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 13 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-299	«Arman Center» ЖШС	106060	94613	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 334 көшесі, 30/3 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-1848	«Vita-G» ЖШС	9807	9807	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-1841	«S Properties» ЖШС	2237	2237	Астана қаласы, Алматы ауданы, Железнодорожный т.а., А 211 көшесі, 32 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2310	«Атамекен Агро» АҚ	13437	13437	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 2 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2312	«Атамекен Агро» АҚ	14000	14000	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 6 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2323	«Атамекен Агро» АҚ	12545	12545	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 9 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2320	«Атамекен Агро» АҚ	15471	15471	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 3 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2321	«Атамекен Агро» АҚ	22555	22555	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 5 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2315	«Атамекен Агро» АҚ	481	481	Астана қласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 12Д учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-300	«Агрообъединение «Золотая Нива» ЖШС	477700	395192	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 334 көшесі, 30/1 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2327	«Атамекен Агро» АҚ	148024	126170	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 14Д учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2319	«Атамекен Агро» АҚ	8387	8387	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 1 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2322	«Атамекен Агро» АҚ	14000	14000	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 7 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2308	«Атамекен Агро» АҚ	6529	6529	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 2 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-1875	«S Properties» ЖШС	5282	3680	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 411 көшесі, 2 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2326	«Атамекен Агро» АҚ	38326	31604	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 7/1 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2324	«Атамекен Агро» АҚ	9080	9080	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 11 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2316	«Атамекен Агро» АҚ	16148	16148	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 419 көшесі, 12/1 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2832	Мухамеджарова Айнаш Капановна, Мухамеджаров Мейрамбек Амантайулы	6382	6382	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/32 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2833	Жумабеков Нариман Габиденович, Жумабекова Малика Наурызовна	5554	5554	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/33 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2829	«NAMAR management» ЖШС	4526	4526	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/29 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2834	«S Properties» ЖШС	7131	7131	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/34 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2831	Мухамеджарова Айнаш Капановна, Мухамеджаров Мейрамбек Амантайулы	5545	5545	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/31 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2828	«NAMAR management» ЖШС	4969	4969	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/28 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2810	«S Properties» ЖШС	248873	43458	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10Б учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2830	«NAMAR management» ЖШС	10361	10361	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/30 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2827	«NAMAR management» ЖШС	5387	5387	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/27 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2835	«S Properties» ЖШС	2121	2121	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/35 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2826	«NAMAR management» ЖШС	5808	5808	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 539 көшесі, 10/26 учаске	Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру	жеке меншік
	21-318-145-2850	«ТЛЦ Eurasian Logistics» ЖШС	99488	54281	Астана қаласы, Алматы ауданы, Астана-Қарағанды тр, 87Е учаске	Теміржол жолдары құрылысы	Қысқа мерзімді уақытша өтеулі жер пайдалану (20.10.2027 ж дейін)
	21-318-145-2726	«ТЛЦ Eurasian Logistics» ЖШС	169979	169432	Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Астана-Қарағанды тр, 85/2 учаске	Көлік-логистикалық орталық құрылысы	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы (30.09.2027 ж. дейін)

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 21.07.2025 №510-2405

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Кәріз коллекторын төсеуге арналған дәліз» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» және «Нұра» аудандары, Слободка ауданынан Қорғалжын тас жолындағы диаметрі 2000 мм қолданыстағы коллекторға бұрандаға дейін мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы учаске 3 – 0,1119 га, жер учаскелері 2025 жылғы 28 қазаннан бастап 2026 жылғы 28 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовқа жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «21» 07 № 510-2405 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
	21-320-105-701	Соколов Александр Николаевич	794	6	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, «Центральный» БСУИТК, №140 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
	21-320-105-700	Шамузов Дамир Исмаилович	806	231	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Целинтрансстрой» б/с, №138 учаске	Бағбандық	Жеке меншік

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҮШІН ПРАКТИКАЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау аясында мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнама талаптарын сақтау бойынша және қызмет алушыларға сапалы қызмет көрсету мақсатында тұрақты түрде жұмыстарды жүргізуде.

Бақылау жүргізу аясында биыл маусым айында Департаментке жүргізуші куәлігін алу үшін көлікпен практикалық емтихан тапсыру кезінде туындаған мәселесіне қатысты азаматтың шағымы қаралды.

Шағымда көрсетілген дерек бойынша шағым иесі автодромда практикалық емтихан өту кезінде ақпараттық жүйеде техникалық ақаулық орын алып, акт негізінде емтихан нәтижесі жойылғандығы белгілі болды. Өз кезегінде, өтініш иесі сол күні қайта практикалық емтихан өтуін ұсынған. Алайда, мамандандырылған бөлімнің қызметкерлері практикалық емтиханды қайта тапсыру тек 10 жұмыс күнінен кейін ғана мүмкін екендігін мәлімдеген.

Осы орайда заңнама талаптарына сәйкес, өтініш иесі ақаулық жойылғаннан кейін немесе келесі жұмыс күні емтиханды қайта өтуіне құқығы бар болғанын пайымдай келе, өтініш иесінің шағымы негізді деп танылып, Департаментпен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалына сұраным хат жолданды. Нәтижесінде шағымданушы практикалық емтиханды қайта тапсырып, қазіргі таңда жүргізуші куәлігін қолына алды.

Осылайша заңнама талаптарын бұдан әрі бұзылуына жол бермеу мақсатында Департаментпен қызмет берушілерге тиісті шаралар қолдану, оның ішінде жауапты қызметкерлерге құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, орын алған жағдай бойынша кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту және алдағы уақытта қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтау бойынша ұсыныстар енгізілді.

Егер де Сіздің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығыңыз бұзылған жағдайда, Департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекен-жайы бойынша жазбаша түрде, электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram-бот арқылы «Уәкілетті органға өтініш» бөлімінде жүгіне аласыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

№87 (4831) 26/07/2025 Сенбі

ТЕАТР МЕН ӘДЕБИЕТ ҚАЛАЙ ТОҒЫСАДЫ?

Қазіргі қазақ театрына жаңа тыныс, жаңа сөз, жаңа көзқарас керек. Осы мақсатта Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры заманауи авторлар, драматургиялық ойы бар жас қаламгерлердің басын қосып, «Әдебиет пен театр тоғысы» тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткізді.



Жобаның мақсаты – театр мен әдебиет арасындағы шығармашылық байланысты күшейту, сахнаға бейімделген драмалық шығармаларға жол ашу. Жиында қазіргі драматургияның бағыты, театр мен әдебиеттің үнқатысуы талқыланды.

«Әдебиет пен театрдың арасы алшақтап кетті. Ал әдебиетсіз ештеңе өңбек емес. Бүгінде театрға деген көрерменнің ықыласы артып, талғампаз көрермен қалыптасып келе жатыр. Тек елордада ғана емес, Алматы қаласында, басқа өңірлерде де мемлекеттік театрлармен қатар, жекеменшік театрлар да бой көтеруде. Олар күннен күнге көбеюде. Бүгінгі жиында театр қандай спектакльдерді қойып жатыр? Бүгінгі заманның кейіпкері, авторы кім? Қазақ кім? Бұл отырыс осы сұрақтарға жауап іздеу мақсатында ұйымдастырылды. Қазір Астанада Қалибек Қуанышбаев театры, «Жастар» театры, Әзірбайжан Мәмбетов театры, Қуыршақ театры, «Астана Мюзикл», Музыкалық жас көрермен театры бар. Әрқайсысы өзгерістер жасап, көрермен тартуда. Мен мынаны аңғардым: режиссерлер үнемі жаңа шығарма, жаңа авторларды іздеп жүреді. «Кейде таппаймыз» дейді. Өзіміз де «Драматургия кенжелеп қалды» деп айтып жатамыз. Сондықтан осы отырыстың нәтижесінде қазіргі заманда жаңаша ойлайтын драматургтер, қаламгерлер, ақындар, жазушылар болсын, олардың сахнаға арналған жаңа топтамасы әдемі композиция болып шығуы мүмкін» деді жиын модераторы, «Жастар» театры директорының орынбасары Мақпал Мыса.

Оның әріптесі, «Жастар» театры директорының тағы бір орынбасары Ақберген Жұмабаев аталмыш өнер ошағының тынысымен таныстырды.

«Қазір театрлар арасында көрермен үшін үлкен күрес, майдан жүріп жатыр. Мемлекеттік театрлармен қатар жекеменшік театрлар көбейді. «Театр көбейсе, түрме азаяды» деген сөзді барлығыңыз білесіз. Бұл көңілді қуантатын жағдай. Дәл қазіргі уақытта бізді театрдың жас менеджерлері ретінде көрерменімізді немен қызықтырамыз, сахнамызға қандай туынды алып шығамыз, тұрақты көрерменімізді қалыптастыру үшін қандай жұмыс істеу керек деген үлкен сұрақтар қызықтырады. Жастар театры, әрине, көрерменнен кенде емес. Бірақ көрерменнің сапасына келгенде сан соғып қаламыз. Есті көрерменді табу өте қиын. Материалды білетін, шығармамен таныс және сол шығарманы талдай алатын көрермендеріміз күннен-күнге азайып бара жатыр. Сондықтан заман талабына сай туындыларды тудыру қажеттілігі туындады» деді Ақберген Жұмабаев.

«Алқа» әдеби клубының жетекшісі, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Шерхан Талап аталмыш министрлік театр саласы бойынша арнайы зерттеулер, сараптамалар жасап, бұл бағыт қалай дамып жатқанына үңілгенін жеткізді.

«Қазір театрлар жақсы деңгейде. Кейбір қойылымдар аншлагпен өтеді. Көрермендер де өте көп келіп жатыр. Халықтың театрға бару мәдениеті қалыптасты. Бірақ оларға сапалы туынды ұсыну деген мәселе бар. Саралау барысында отандық авторларға қарағанда, шетелдік авторлар өте көп екені анықталды. Кейбір театрлар классикалық туындыларға, яғни қайталауға бейім. Жаңа авторлар, жас авторлар жоқтың қасы. Көп драматург театрларға шығармаларын қойдырғысы келеді, бірақ қоя алмайды. Оның себебі, түсініксіз. Драматургиялық байқаулар өте көп. Бірақ онда жеңіске жеткен туындылар қойылмай, сол бойы қалып кетіп жатыр. Біз осы жөнінде режиссерлермен ақылдастық. Себебіне үңілсек, режиссерлер мен драматургтердің байланысы әлсіз екен. Қарап отырсақ, балаларға арналған шығармалар өте аз екен. Бізде жас драматургтер жоқ емес, бар. Прозада жүрген кейбір қаламгерлер, тіпті ақындар драмалық шығарма жазғысы келеді, бірақ театрдың заңдылықтарын, драматургияның ерекшеліктерін біле бермейді. Мүмкін театрлардың жанынан лаборатория ашып, оқыту керек шығар. Бір курс ашып, белгілі драматургтер, театр сыншылары, яғни мамандар арнайы дәріс берсе, сонда қаламгерлердің қорқынышы сейіліп, театрға жаңа тыныс келетін шығар. Бізде көркемдік кеңестерді де күшейту керек секілді. Өзім бірнеше театрға барып көрдім, кейбірінің диалогтары, сөз қолданыстары өте нашар деңгейде екенін байқадым. Осы мәселелерге назар аудару керек деп ойлаймыз» деді Ш.Талап.

Жиналғандар театр мен әдебиеттің байланысы, ондағы мәселелер жөнінде пікірлер мен ұсыныстарын жеткізді. Атап айтқанда, жас театртанушы Бахтияр Тұрсын, жас қаламгерлер Салтанат Қайырбек, Арман Шеризат, Толқын Қабылша, Бақытбек Қадыр, Ақерке Асан, Қанат Әбілқайыр және т. б. болды.

Іс-шара барысында «Жастар» театры жаңа шығармаларға «Жаңа толқын – жаңа драма» атты ашық байқау жариялағаны хабарланды. Байқау шарты бойынша қатысушы үміткерлер шағын пьеса, сахнаға лайық поэтикалық цикл, монодрама, қысқа проза, сахналық новелла ұсына алады. Театрдың көркемдік кеңесінің сүзгісінен іріктеліп шыққан шығармалар сахнаға жол тартады. Ал, шығармасы үздік шыққан авторлар дайындық барысы, сахналық зертхана секілді шығармашылық шеберханаға қатыса алады. Байқау қорытындысында ұсынылған туындылар кітап болып шығады. Материалдар 25 қазанға дейін қабылданады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«АЛАШТЫҢ АСҚАН ТӘҢІРІ АБАЙ»

Елорданың «Жастар» театрында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Өлең – сөздің патшасы» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Ұлы Абайдың рухани мұрасын дәріптеу, қазақ өлеңінің құдіретін насихаттау, жас ұрпаққа рухани құндылықтарды сіңіру мақсатында кешті Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы ұйымдастырды.

Поэзия салтанатының тізгінін ұстаған аталмыш филиал директоры, белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлы Абайға соқпай кетпейтін қазақ ақындары аз екенін, Абай ұлттың темірқазығына айналғанын атап өтті. Абай туралы Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев сынды классик ақындардың өлең жолдарын келтірді. Абайды ұлықтау бұдан кейін де жалғасып, Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Жазушылар одағының қалалық филиалы ұлы ақынның туған күні қарсаңында елордадағы ескерткішінің маңында «Абай алдында» атты поэтикалық кешті өткізетінін жеткізді.

Астанадағы аға буын, орта буын, жас буын ақындар жиналған кеште өлеңдер шеруін «Ардакүрең ақын» атанған Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай бастап, осыдан 30 жыл бұрын Абайдың 150 жылдығына орай республикалық үлкен жыр жарысы ұйымдастырылғанын, оған жас ақын ретінде өзі де қатысқанын еске алды. Сол кездегі жастар қазір аға буынға айналғанын айта келе, Абай арқылы жас ақындардың шырағын жағудың маңызына тоқталды. «Абаймен сырласу» атты өлеңін оқып, «Алаштың асқан тәңірі Абай» деп толғанды.

Жыр мерекесін әрі қарай Сұраған Рахметұлы, Оңайгүл Тұржан, Жанарбек Әшімжан, Маржан Ершу, Мұхарбек Махамбет, Қалқаман Сарин, Толқын Қабылша, Асантемір Қаршығаұлы, Мақпал Мыса, Олжас Сәндібекұлы, Қабиден Қуанышбай, Жәнібек Әлиман, Шапағат Әбдір және т. б. ақындар жалғады.

Кештің жаңалықтарына келсек, кезінде өлең өлкесінен жақсы көрініп, белгілі ақындардан жоғары баға алған, бірақ кейін поэзиядан көрінбей кеткен Әбубәкір Смайылов пен Батырболат Айтболатұлы сахнадан өлең оқыды. Осы күні поэзия көгінен жаңа есім жарқ етіп көрінді. Бұл – өткен аптада «Қазақ әдебиеті» газетінде Ғалым Жайлыбайдың алғысөзімен топтамасы жарық көрген, Қытайдан жақында көшіп келген Өркен Салубай.

Кешті «Көркем» ансамблі ән-күймен көркемдеді. Абайдың әндерін, басқа да белгілі туындыларды орындап, жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

«АСТАНА» ТЕҢ ТҮСТІ


УЕФА аясындағы Конференция лигасының екінші іріктеу кезеңінде елордалық «Астана» командасы Молдованың «Зимбру» клубымен кездесіп, 1:1 есебімен тең түсті.

«Астана Арена» стадионында өткен матчта қазақстандық жанкүйерлер «Астана» командасы жарыстың келесі сатысына ешқандай қиналмастан шығады деген болжам айтқандар көп болды. Алайда молдовалық футболшылар тегеурінді қарсылық көрсетіп, бірінші болып есепті ашты.

Ойын басталғаннан-ақ шабуылды үдеткен астаналықтар қанша тырысқанымен қарсыластар қақпасының кілтін таба алмады. Есесіне бірінші таймның соңында молдовалық шабуылшы Гай Даханның алыстан соққан добы елордалық команданың қақпасына тулап түсті. Ал екінші кезеңнің 56-минутында «Астана» сапынан Иван Башич таразы басын теңестірді.

Осылайша командалар 1:1 есебімен тең тарқасты.

Қарымта кездесу 31 шілде күні Кишинев қаласында өтеді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 87

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР

ASTANA AQSHAMY